**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТӘ-10-03
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): қазақ тілі мен әдебиеті

Облыс/қала (область/город): Орал қаласы, БҚО

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Дүйсенқали Айдана

Аты (Имя): Айдана

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ДБАОИМЛИ

Сынып (Класс): 10

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі

Уақыт алмасқан сайын адамды толғандыратын сұрақтарлы де жаңарады, алайда оның түп тамыры өзгермейді. Қаншама ғасырдың қарасы өтсе де, әлі күнге дейін философиялық ой теңізінен кете алмай жүрген кемелер көп-ақ. Сол кемелердің ең ауыры адами құндылықтар мен ұлттық мінез атты дүниелерді жүк қылып, тасымалдап жүр. Аталмыш кеменің желкенін жат жерге тіккен тудай қисайтып желбіретіп қойған кеме басшысы - Абай және оның шоқтығы биік өлеңдері.

„Ұлттың жаманы болмайды, адамның жаманы болады" деген қазақта сөз бар. Десек те, ұлтты құрайтын, қоғамның негізгі элементі болатын адам емес пе? Демек, ұлттық мінез-адам бойындағы асыл қасиеттердің, адами құндылықтардың болуынан көрінеді. „Әдебиеттің басты міндеті - ұлттың мінезін түзеу" деп Мұхтар Әуезов айтпақшы Абай өлеңдерінің мақсаты халқымыздың мінезін түзеу болатын. Бұл мақсаты оның көптеген өлеңдерінен жарқын көрініс тапқан. Мәселен, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін білетін „Ғылым таппай мақтанба" өлеңі. „Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой,

Бес асыл іс, көнсеңіз" деп жырлаған Абай бұл туындысында көкірегінде жүрегі бар әр тұлғаның бойында болу шарт қасиеттер мен құндылықтар жайында сөз қозғаған. Бұл құндылықтар - адамның адам болып өмір сүруі үшін ауадай қажет. Ал дегеніміз - адамның әрбір әрекеті мәнді, мағыналы болуы тиіс. Әбінағым Қожер бұл туралы былай деген: „Ынта, талап, көңіл - кәсіптің анасы. Ынтасыз, талаптанбай, көңілсіз атқарылған тірлік өзі ме?". Шынымен, сөзінің жаны бар. Абай айтып отырған



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

талап пен Юсінатым Көшер айтып отырған ынта, көңіл - адам ісінің өнімділігіне жауап береді. „Еңбексіз тапқан мал
Қардың суы секілді тез сұалар" деуек-ші, адам ісінің өнімділігінен бөлек, оның адалдығы да зор маңызға ие. Абайдың бес асыл іс қатарына еңбекті қосуы тегін емес. Дана халқымыздың дүниетанымында „адал еңбек" ұғымы аса маңызды рөл ойнайды. Қазақ халқы бала тәй-тәй басқан күннен бастап оны еңбекке баулиды, тәрбиелейді. „Бала тәрбиесінің ең үлкені - оны еңбекке баулу. Еңбекшіл жас қана үздік азамат болып қалыптасады" деп Әзілхан Нұршайықов бекер айтпаса керек. Халқымыз тек еңбекке ғана емес, еңбекпен тапқан нанына қанағат етуді үйретеді. Осылайша Абайдың „Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде тек адами құндылықтар емес, ұлттық мінезімізді көрсететін қасиеттер көрініс тапқанын көре аламыз. Абайдың кезекті тұжырымы биік туындысы „Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы" (өлеңі) „Ғылым таппай мақтанба" (туындысы) өлеңімен сарындас келеді. Мына бір үзінді соған дәлел:

„Инсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жандай сабақ".

Хакім Абай 44-қарасөзінде: „Адамның ең жаманы - талапсызы" деп талапсыздықты мысқылмен сынаған. Өйткені талап - көптеген жетістіктердің бастау бұлағы. Өмірде армандардың орындалуы үшін, алға қойған мақсаттарға жету үшін талпыну қажет. Талап - адам бойындағы жетелеңген қасиет болса, ұлы ақын тілге тиек етіп отырған сабыр - ұлттық мінезімізді айқындаушы құрал. „Сабыр түбі - сары алтын" деп қазақ халқы текке айтпаса керек. Қамалы қарымды ақын Торайғыр сабыр жайын да былай деген: „Ақыл-адам көркі, ақылдың сабыр


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

серігі". Қандай тірлік атқарсаңда, сабырлық таныту маңызды. Себебі еңбегің құрдымға кеткен күннің өзінде сабырлық танытып, еңсеңді түсірмеген жөн. „Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы" деп жырлаған Абай-ұлы еңбек жайында айтары мол болған. Солардың бірі де біреуі „Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап" өлеңі. Өлең ұйқасын көркемдігімен әрі терең мағынасымен құлпыртқан бұл туындыда былай делінген:

„Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне құлық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап". Жалқау халықтың қараңғы санасына шырақ жаққан болып ұлының еңбек тақырыбын қайта-қайта қопару таңданарлық жайт деп ойлаймын. „Қараңғы қазақ көгіne

Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда кім болам?" деп

Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз айтқандай, Абай еріншектік пен жалқаулықты жеңу үшін еңбекті ұран етті. Өкініштісі - айтар ойын табылғанымен, тыңдар, құйып алар құлақ табылмады. Десек те, бұл Абайды тоқтатпады. „Жасыңда бола әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан" деп үміт отын сөндірмеген Абай халық мінезін түзетуді әрі қарай жалғастырады. Бұл өмірде негізгі ой-өмірде өз орныңды табу, көрсеқызарлыққа салынбау. Адам неліктен көрсеқызарлыққа салынады? Оның себебі- өмірде өз орнын таппағандықтан. Өмірде өз орныңды табу үшін бір жерде тұрақтап қалмай, өмір бойы ізденісте болу қажет. Бұл туралы қарасөз нарқасқасы Абайдың 33- қарасөзінде орынды


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ „ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

айтылған. Осылайша Абай ұлтын дұрыстау үшін оның мінезін дұрыстауға тырысты. Бірақ өз заманында бұл мақсатына жете алмады. Бұл жайында Абай былай баяндайды: „Құлағын салмас,

Тіліңді алмас,

Көп наданнан түңілдім".

Өлең кестесіне бедерлі өрнек салған Абай адами құндылықтар мен ұлттың мінезге, ұлттың мінезіне айрықша көңіл бөлген. Абайды „ұлы" дейтініміз содан.

„Көп сөйлеме, аз айт бірер тұщырын,

Бір сөзбен шеш, түмен сөздің түйінін" деп Жүсіп Баласағұн айтқаны, әдебиет-адам айнасы екендігін айтқым келеді. Адам айнаға қалай қараса, өзін солай көреді. Абай сүртіп кеткен айнаны қайта-қайта былғаған жұрт, оның жалғыздығының себебі деп ойлаймын. Зейнолла Қабдолов Махамбетті өңірдегі-қасіреттің, өңірдегі-қасиеттің символына теңесе, мен Абайды өңірдегі-жалғыздықтың, өңірдегі-жарықтың символына теңеймін.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТӘ-10-02
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақ тілі және әдебиеті

Облыс/қала (область/город): БҚО

Аудан (район): ____________________

Тегі (Фамилия): Бекқали

Аты (Имя): Динара

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ДБАОММИ

Сынып (Класс): 10

Оқыту тілі (Язык обучения): Қазақ тілі

Абай – қазақ руханиятының темірқазығы ғана емес адам баласының терең қатпарын ашқан ұлы ойшыл. Оның өлеңдерінің әрқайсысының тұңғиығында терең мән-мағына жатыр. „Жүрегіңе сүңгі де түбін ізде, адам шыққан шың асқа тастай көрме", - деген үзінді оның шығармашылығымен танысып, түсінген жан, міндетті түрде тарих дүниенің есігін ашудағы мақсатын ұғынады. Еңбектеген сәби кезден бастап өмірді қалай нақақтан нақақ кетірмеуге болатынын өз өлеңдеріне сыйдыра білген Абайдың өзінің бар таңдауын надан халықты қараңғылықтың торынан құтқаруға арнағанын білген жүрек оған тәнті етпей қоймайды. Ол өз халқының оқу-жазу білмегендіктен аса өткір сынға алады, алайда бұл сынның мақсаты елді төмен көрсету емес екендігін бәріміз білеміз. Оның бар ойы ұлттық сананың кетігін бітеу

Сөз түйіні Абай туралы құлақтары шалса, көбі оны білім-ғылымға шақырушы ретінде ғана көреді, бірақ өлеңдеріндегі адами құндылықтар жайлы қозғалған тақырыптар өз маңыздылығын әлі сақтауда. „Пайда ойлама, ар ойла!" - деген нақыл сөзінен-ақ Абайдың өмірдегі бастысы қымбат әшекей немесе атақ-абырой емес, ең бастысы – ар-намыс екендігін жеткісі келгенін байқаймыз. „Түсінбейсің өз сөзінен басқа сөзді, аузыменен орақ орған өңкей қырты" деген тақтардан адам ішіндегі менмендік тек бір тағы емес күрм



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ұят мінезін құртатынын көреміз. "Жасымда ғылым бар деп ескермедім, ~~Пайдасын~~ Пайдасын көре тұра тексермедім. Ерже~~тен~~ткен соң түспеді уысыма Қолымды мезгілінен кеш сермедім." Бұл үзінді адам баласына жастық шақтың тойдан-тай емес, оқып, білу үшін, жасында үйрену үшін шағында үндеу болады. "Көп айтса көнді, Жұрт айтса болды

Әдеті надан адамның" деген өзі әр шумағында сегіз тармақтан тұратын ерекше «Сегізаяқ» өлең арқылы [illegible] таныңда болып, өз атын білдірер білмеу-надандықтың белгісі секілді тұр. Әрине, өзің ағасына қорқа тұру қылып, ал тек басындағы ыстық қайраты, ашық ойы, көкірек ояу адамның жаңа қалпынан келеді. "Ақыл, қайрат, терең ой, қанағат рақым ойлар қой, бес асыл іс көнсеңіз.", - деген тармақ арқылы адамдағы адам қылатын қасиеттердің маңызын көрсетеді. "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей". Бұл өлеңнен Абайдың адам бағалауындағы маңызды қасиет еңбек деп санайтынын білуге болады. Еңбекқорлық — тек күн көріс үшін емес адамның асылдығын сақтайтын басты кілт десек те қателеспейміз. Абайдың заманында артынан ерген шәкірттері көп болған. Бір қызығы олардың қызығушылықтары әртүрлі болған деп естігенмін. Мысалға бірі


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

композитор болса, бірі бір таңдаулы айтыскер, енді бірі фольклорист болған. Менің айтпағым, бұл да біздің қазақ ұлтының қандай болғаны маңызды емес, бастысы олардың мақсаттары бір — танымалдылыққа ұмтылып, іздеусіз қалмау екендігі жөнінде белгі секілді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келе айтқым келетіні, ол Абайдың сөзі үкім емес, үндеу, тек ол үндеуді байқамасқа үйренеміз бе, қабылдамаймыз ба таңдау өзімізде. Абайдың өмірін бүге-шүгесіне дейін зерттеген жазушы М. Әуезов ол жайлы „Келер қазақтың ұлы да бала да — Абай" - деп кеткен. Абайды үні туматын жазушылардың бір Сұлтанмахмұт Т. та ол жайлы өз пікірін білдірген: „Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе, Адамдықты көздесең жатта, тоқы көңілге." Әуезовтың бұл арманын жеткізгісі келгені: Абайдың өлеңдері тек біздің заман емес, бірнеше замандардан кейінгі келешек ұрпақ адамдың талғамын тапса, кері түзу жолға салып отыратындай жайлы, ал С. Торайғыров өмірдің әр өткелдері қиындығы келсе, Абайды оқу тиімділікті жөнінде жеткізгісі келді. Философ Д. Әбдік өз сұхбаттарының бірінде Абайдың нақыл сөздері не үшін әлі күнге дейін маңызын жоғалтпағаны жөнінде сөз қозғау себебі сол күндерде жазған надандық, жалқаулық деген секілді қасиеттер өз заманын


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

әлі жоғалтпауда. Данагөй хакіміміз айтпақшы сақтаса бір Таратқан білімді надамнан сақтасын, сандықтан құр білімді үйренбей, Абай айтқан қасиеттерді бойға сіңіре отырып үйрену керек. Абайды ұлықтаймыз ба, ұмытамыз ба бізге берілген таңдау. Бір мәселе, Абайдың адами құндылық жайлы өлеңдері зерттеуімізге керек басты құрал.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТӘ-10-01
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақ тілі мен әдебиеті

Облыс/қала (область/город): БҚО, Орал

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Саткаева

Аты (Имя): Газиза

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ЖББОМ[illegible]

Сынып (Класс): 10-сынып

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі

Ұлтының жабырқаған жанын, дүбір аязы тоңдырып үлгерген көңілін қаламымен ғана жұбатуға болатынын ерте түсініп, өнімді еңбек еткен, қазақтың аса көрнекті жазушылары көп-ақ. Солардың бірі әрі бірегейі:

"Асыл сөзді іздесең
Абайды оқы ерінбе...", - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлап кеткендей асыл сөз зергері - Абай Құнанбайұлы. Ол өз өлеңдерінде де қалың бұқара халықтың қараңғылығын, мешеулігін сынап, халықты адамгершілікке, білім алуға, еңбек етуге шақырады. Ахмет Байтұрсынұлы "...Абайдың сөздері дүниеде қалғанда қазаққа зор бақ" демекші, ұлттың тағдырын айна қатесіз суреттей білген ақынның өлеңдері әр қазақ баласы үшін құнды құжат болып саналмақ.

Әдебиеттің Абайға артқан жүгі әдеби мәселесі ғана емес, тарихи шындық екенін жете түсінген Абай "Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз" деп Ғабит Мүсірепов айтқандай өз өлеңдерінде халықтың мінезін дөп сипаттай білді. Оның "Сабырсыз, арсыз, еріншек" өлеңіндегі:

"Сабырсыз, арсыз, еріншек
Көрсеқызар жалмауыз
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан алауыз...", - деп сипаттап отырғаны * осы қазақ елі. Қазақ қазақпен бет жыртысып, мал, атақ үшін таласып, "Бірін бірі күндейді..." дегендей бақастықпен өмір сүретінін жазған еді. "Қараңғылықтан көзін жел басқан ұлтының бір тұсынан мұңдай ас... қолынан жаны ауырып, күйінсе, бір тұсынан дәрі беріп емдей ал... ауру болмағанымен, тез таралатын, тез жұғатын



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРН

Эпидемиялық індет іспеттес болған "надандықпен" күресуді Абай өз міндеті деп білді. Ол:

"Басында ми жоқ
Өзінде ой жоқ
Күлкішіл кердең наданның...", - деп сол тұста шешілмеген ең басты мәселелердің бірі саналған надандықты қатаң сынға алды. Бұл сонау заманның көкейтесті мәселесі болғанын Шәкәрім Құдайбердіұлының:

"Надандықтан - салақтық
Салақтықтан - жамандық
Бірінен бірі туады
Жоғалар сүйтіп адамдық", - деп көптеген өлеңдер жазуы дәлел деп ойлаймын. Мұндай надандықтың құрсауынан елін құтқару жолында Абай тағы да қалам тербеді.

"Оқу білім жанған шырақ" ойласаң,
Шырағың, іздеп көрсең қалмасаң...", - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай Абай да білім алуды надандықты жеңер құрал ретінде танып, халқын оқу оқуға, сонымен қатар адамгершілікке шақырып отырған. Мысалы "Ғылым таппай мақ[танба]" өлеңінде "талап", "еңбек", "терең ой", "қанағат", "рақым" деген адамгершілік қасиеттерді атап, адамзат бойынан табылуы қажет құндылықтар ретінде бағалайды.

"Жасымда ғылым бар деп ескермедім
Пайдасын көре тұра тексермедім
Ер жеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мезгілінен кеш сермедім", - деп күйін отырған ол "білім" оның өлеңдерінің ең басты адами құндылығы болып саналары сөзсіз.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОР
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІП

Абай өлеңдеріндегі адамы құндылықтардың тағы бірі - адал еңбек ету. Бұл турасында Бибіхан Тікебаеваның:

"Еңбексіз адам шідемес
Білімсіз адам түк емес
Еңбек пен білім ұштасса
Суырып шығар бір белес",- деген өлеңі Абайдың:

"Өзіңе сен, өзіңді алып шығар.
Еңбегің мен ақылың екі жақтап",- деген өлеңінде

де осылай өрбісе, "Сегіз аяқ" өлеңінде:

"... Еңбек қылсаң ерінбей
Тойдыр қарның тіленбей",- деп адал еңбек ету маңызын тілге жеңіл бір сөзбен түйген. Өзі де халқы үшін адал еңбек етіп, халқын да еңбек етуге, адалдыққа шақыра білген.

"Көп сөйлеме аз айт бірақ түйірін, бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін" деп Жүсіп Баласағұн айтпақшы, мен өз эссемді Абайдың даралығы, даналығы, ұлттық мұрасы бір өлең шумағына сыйдырған айтыскер, ақын Қуаныш Асанның мына бір жыр шумақтарымен қорытындылаған келіп тұр:

"Қазаққа ең жаманға надан болу
Надан болып басқаға бодан болу
Ақын болу әркімге арман шығар
Абай болу алдымен адам болу."



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТӘ-9-04
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): қазақ тілі мен әдебиеті

Облыс/қала (область/город): ЗКО

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Даулетова

Аты (Имя): Адина

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин атындағы №11 ЖББОМ.М

Сынып (Класс): 9-сынып

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

Ж.Баласағұнның тіл өнерінің пайда-зияны туралы айтқан

Оқ мен сағымызды танитын, жақсы мен жаманды айыратын, өткен мен бүгінімізді жарықтатындай, Ж.Аймауытов тілімен айтқанда, азаматтыққа аяқ басқан сәтте шешен сөйлеуге дағдылану қажеттілігі туады. Еліміз егемендік алып, дербес болғалы бері, тәуелсіз ой, тәуелсіз санадағы пайымды да жаа жеген жоқ па еді? Есте жоқ ескі заманнан бері ата-бабаларымыз ана тілі, яки баба тілімізді осы бір алақанында аялағандай ұрпақтан-ұрпаққа баға жетпес асыл мұра ретінде жеткізді. „Тереңдей терең білімің болсын,

Тең келіп, ешкім жете алмас саған", -деп „қараңғы қазақ көгінде, өрмелеп шыққан күн" болуымыздың жолдан-жолға ауысып өтіп еді ғой..

Ат басына күн туған шақта, өлім мен өмірдің арасында жүргендей күй кешкен ел мұратының бірі дебіреуі — осы тіл мәселесі. Бұл жайында қазақ, түркі әдебиетінің сарқылмас қазынасы- Жүсіп Баласағұнның „Құтты білік" шығармасы бәрімізге таныс. Ж.Баласағұн жайында Н.Келімбетов: „IX-XII ғасырдағы түркі халқы ойшылдарының бірі, осы кезеңде рухани мәдениеттің дамуына үлес қосып, қазақ топырағында туған Ж.Баласағұн - түркі халқының ұлы ойшыл, данышпан, философ, қоғам қайраткері", -деп баға берген. 6520 бәйіттен тұратын бұл (өлең) дастан алғаш түркі әдебиетінде жазылған жанрды қалыптастырған: „Кітаптар көп ауқымда да тәнікше,

Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше", -деп үзінді келтірді. Ендеше, жан айнасы саналып, қараңғының шамшырағы болған бұл туындыда тіл өнерінің пайда-зияны қалай көрініс тапқан?

Бұл дүниенің жүзінде ақ пен қараның қатар жүретіні жасырын емес. Зиянына келгенде өзегімізді өте қатты өртеп, көкіректегі шешен үнімізді қара тастай қаралып арқанды қозғалып сол бір мезетке оралғың келетіндей күй кешеміз. Айналаға ақ бар деп қарар болсақ, жалған дүние аппақ қарға шомылғандай, жамандықты көрмей, елемей жатамыз. Тамшыдан көл құралады. Осы тектес түйімдей нәрсе, оймақтай кеселге айып неліктен, иә. Бұл тіл мәселесінде бағытта үреттемелер:



... МИНИСТРЛІГІНІҢ
ДАРЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛ...
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРН...

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №2

„Тіл-арыстан, есік баққан аиулы,
Үй иесі, қорған жұтар басыңды", -деп тіл мен арыстанның арасына құдды бір теңдік белгісі қойылғандай, рухани тұрғыдағы айтпақ та біз білмес жиын жолға апаруы (мүмкін) айдан анық, күннен жарық. А. Құнанбайұлы өзінің 37 қарасөзінде: „Көңілдегі көрікті ойды, ауыздан шыққанда өңі қашады", -деп айтқанындай, санадан шыққан айнадай таза ой-отты тілмен шыққанда дақ келтіру әбден мүмкін. Жамандық пен жақдармен сарғаюына, я арағайына келіп жан шықпай қалады. Автордың бұл тұстағы айтпақ ойы сол - тың жастар, тамаша ой келген сәтте, оны үзілеп алғанымыз абзал. Ел дәйек келтірілмеген, айқында-маған сөз халық көкейіне қонымды болмайды. Жұртты бізден тәнту ету үшін Р. Сыздық айтқандай, әлеуметтік мәселені көтеріп, дәлелдеп, айқын түрде жеткізу шарт. Оны біз мына тұстан: „Біліксіз сөз - басыңды жеп табалар", -деген үзін-ден көре аламыз. Тоқыраған отырған дүйім жұрттың көзін ашып, көкірегін оятып қалың ұйқыда жатқан қазақ жұртын ояту керек. Халқымызда „Көп сөз - көмір, аз сөз - алтын", -деген аталы сөз және бар. Мәселен: „Көп сөйлесең - „езбесің", -деп
Сөйлемесең - „мылқау екен";
(сөгер") түйінер"; -деген жолында да зиянды басты көрініс тапқан. „Отты тілмен шыққан сөз - отыз рулы елге тарайды", -дегендей, айтып жатырған сөзіміз „қоқысқа" толып, ел дамуына кертартпа болмауы қажет. Өйткені, мына т... бойға толған жан ұшқратар сезім сөз арқылы шығар болса, зиянды да алдыңда келіп күтіп тұрады. Ол мейлі қуанышты болсын, мейлі күлкіге толы болсын, қазақ азаматы ретінде айқындайтын ерекшелігіміз болса, Абай айтқан „толық адам" деңгейінің алғашқы баспалдағын арылдар едік. „Артық сөйлеп жоне е-теңі өнбейді", -деген жолдары алтындай бағалы уақытымызды текке, қ... өткізуден сақтанып, барынша өміріңді мәнді де сәнді түрде өтуіне жағдай жасап, шұрайлы тілмен жеткізілген сөздерді ұлттық рухани б...лығымыздың қорғаншысы - жүректе сақтап, сол құндылықтармен сусындау - п...мыз деп білемін.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ

Пайдасын айтар болсақ, тіл - қиын сәтте демеу болар, қуанғанда қуанышы еселейтін бірден-бір құрал. Қазіргі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда тіл сан алуан салада өз көмегін беруде. Дастандағы мына жол: „Тіл кісіні ұлы қылар, бек қылар", - сөзінің таудай пайдасын көрсетіп тұрған. Шынын айтқанда, еліміздегі ердің құнын екі ауызбен шешетін азаматтар некен-саяқ. Менің ойымша, оларға жетіспейтін жорға айтылған „тоқсан ауыз тоғызында тобықтай түю". Міндетті түрде, мінбеден сөз сөйлеген шешен айту маңызды емес. Маңыздысы, ой ұшқырлығының айнасы ана тілінде жеткізу мен Аристотель айтқан, айқындылық пен түсініктілік. (Мысалы) XX ғасырдағы Жаһан Имантайұлы, „Қазақ" деп жүрегі езілеген Мұхтар Шаханов секілді біртуарларымыз сөзінің айқын көрінісі. „Аз сөйлесең, басың аман болады", - деп берілген тұсы айқын, әрі сөйлеудің қара зұлым кеселдің алдын алатындығын баса айтып отыр. Сондай-ақ, аз сөйлесең, туындармас қазатылы болып, жұрты өзіңе қарата аласың әрі халық уақытын да үнемдейсің. А. Байтұрсынұлы

„Дөңгелер „мен жақсымын" толып жатыр,
Жақсылығы өзінен аспаған.
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,
Ұмытып, талап ойлап, талпынбаған", - деген жолы қазақ (интел) зиялы қауымының қазақ елінің даму жолына алаңдаушылығы байқалады. Сонда, А. Байтұрсынұлы мен Ж. Баласағұн шығармаларындағы үндестік - ендеше сөз адамға демеу, бол-ға ұшатын) жігер беру арқылы мына егемен еліміздің демократиялық тұр-ғысынан дамуына (ұ) орасан зор үлес қосатынын айтып отыр.

„Бұлай болса, тек шеберлік керегің,
Тілді, шырақ болсаң өсер беремің", - деген дастан үзіндісі шешен сөйлеу арқылы жұмыста емес, қазақ қоғамында, қазақ жерінде беделіміз артылатынын жеткізсе керек (айтуы келіп отыр.) Сөйлеген сөзіміз не адамды еріп байыптатындай, не(и) налысылмауды келтіріп, арқамызда қозғалатындай сезім ұялатуы керек.

„Сөзіңде сол, оң болсын,


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРН

Сөзің түзу, қараңғыға көз болсын", - деген жолы жүректен шыққан сөз ішінде халықты терең ойға салып, болашаққа жол сілтер, кейінгі ұрпақ халін ойлау – шешен сөйлеудің басты қағидасы. Бәлкім, арамыздан сол (нұр) ұрпаққа мұрас боп атадан сөз қалдырар тұлға шығар. Солып қалған гүлді суарғандай, біз де тілімізді көркейтіп нағыз қазақ баласы екенімізді айшықтауымыз керек.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Ж. Баласағұнның „Құтты білік" шығармасындағы тіл өнерінің пайдасы мен зиянын ескеріп, болашаққа айтқан қазан басып, ата-баба үмітін ақтау ешкімге ортақ. Қазақ руханиятының жүрегі саналған тіл – дамыған елге, қазақы елге жеткізер баға жетпес дүние. Міне, Жүсіп Баласағұнның айтқан сөзіне құлақ түріп, тұла бойға, (бастап) тұрсаналымызға тіл өнері жайындағы ақпаратты сіңіріп жаңарған сауаттылыққа айттық. (Абай) Хакім Абай атамыз айтқандай: „Өлді деуге бола ма айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған", - деп қорытындылаймын.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі

Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТӘ-9-03
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақ тілі және әдебиеті

Облыс/қала (область/город): Орал қ.

Аудан (район): ____________________

Тегі (Фамилия): Алисова

Аты (Имя): Назерке

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ОББАОЖММ

Сынып (Класс): 9 сынып

Оқыту тілі (Язык обучения): Қазақ тілі

Эссе

„Майқы би мен Мөңке бидің ақылмандық толғауларындағы замана шындығы"

Қай халықтың да қадір тұтары өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны. Әрі осы қасиеттер тек сол халықтың бойынан табылар шексіз жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен парасаттың түрі. Бұл қасиеттер тек сарқылмас ұшқырлықтың ғана емес, ең бірінші кезекте кең пішер кемеңгер ақылдың көрінісі. Ақыл мен білімді жан азығы деп білген ұлы ақын Абай „Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой" деп отырып бес асылға жатқызса, талай асыл қасиеттер бір ғана басына сай болып, бағына қонған қазақтың біртуар билері Майқы би мен Мөңке бидің ақылмандық толғауларын оқып, бойыма сіңіргенде тамыры терең тарихымыздағы заманның ащы шындығын көргендей боламын...

Ішкі жан-дүниеммен сырласа отырып мына нәрсені ұқтым: Майқы бидің келер ұрпаққа қалдырған өсиеті тек сол заманда емес, қазіргі таңда да өзекті тақырып болып қалады. Дана қазағымыз бұл туралы тектен-текке „қара тасты қақ жарған" демеген ғой. Оның бір ғана мақалында мың адамға рухани байлық болар һәм мағына жатыр. Мысалға келтірсек, оған „Кімнен кім туады?" деп сұрақ қойғанда қазақтың текті шешені ойланбастан „Сұңқардан сұңқар туады, тұлпардан тұлпар туады, асылдан асыл туады, жалқаудан масыл туады" деп жауап қайтарған. Міне, осындай ұлы тұлғаның даналығы ақылын осы жауабынан бірден байқад

Менің көзқарасымда Майқы бидің шешендік сөздері тек философиялық емес, әдеби тұрғыда да ерекше мағынаға ие. Бұл пікір мен ортақ санасатын Мұхтар Әуезовтың „Майқы бидің шешендік өнері – қазақ әдебиетінде кеңінен тараған



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРН

жанр." деген ой тұжырымдауға бар.

Десек те, қазақ тарихында Майқыдан бөлек Мөңке, Қаз дауысты Қазыбек, Әнет баба секілді әділ би-шешендер болған тұғын. Осы тұлғалардың нақыл сөздерін, мақал-мәтелдерін, шешендік сөздерін зерделей отырып мынадай шешімге келдім: Алаштың барлық би-шешендері әділ әрі дана екендігі артық сөзсіз-ақ белгілі. Алайда, әйел адам жайлы елден ерек сөз қозғаған Мөңке би. Ол өз нақыл сөздерінде ер адамды үнемі жақсыға тартып, алға итермелейтін әйел адам деген. Оның „Не жақын? Не қымбат." деген өсиетінде „Бәрінен де әйел қымбат" сөзіндегі ой түйін кездеседі. Бұл өсиетті оқығанда менің санамда тек „не жақын?" ғана емес, „кім жақын?" деген сұрақ туындады. Осы сұрақтың жауабын Дулат Исабековтың „Гауһартас" кітабынан алдым. Кітапта басты кейіпкер Салтанаттың тек Қайырханға ғана емес, бүкіл бала шаңыраққа маңызды екені көркем суреттеледі. Дәл осы тұрғыда Дулат Исабековтың өзі „Мен әйел адамды ерекше құрметтеймін. Олар бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлем тербеткен ұлы жаратылыс." деп ойын білдірген. Демек, „Мөңке бидің шешендік сөздеріндегі басты тақырып басқа да шығармаларда өз жалғасын табуда" деген тұжырым жасауға болады.

Менің байқағаным, Майқы мен Мөңке бидің нақыл сөздерінде өзгелерден табылмас ортақ мақсат бар. Ол - халыққа тілдің, діннің және тарихтың құндылығын жеткізу. Әрине, аталған тұлғалар сол заманның өзінде тілдің қадірін халыққа ұғындыра білген. Ал олардан басқа Тұманбай Молдағалиевтың өз „Ана тілі" өлеңінде „Барлық тілді үйренерсің сен әй, жігіт болып саналы. Қайда жүрсең өз тіліңді ұмытпа, өз еліңнің туын көтер жоғары" деген болса, қазақтың асыл



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ақыны Мұқағали Мақатаев „Үш бақытым" өлеңінде „Ал екінші ба-
қытым - тілім менің. Қасиетті тіліммен тілім дедім" деп адам өмірін-
дегі нағыз бақыттың не екенін айқын бейнелеген. Бақыт дегенміз,
бұл патриоттық сана-сезімді Қадыр Мырза Әлі де өзінің „Бақыт"
атты өлеңінде „Бақыт деген болса егер бергенің, керек болса Отан үшін өл-
генің" деп отырып білдірген. Аталған ұлы тұлғалардың барлығының мақса-
ты бір-ақ тілін қастерлеу. Яғни, тілдің маңызы тек бүгінгі
жарқыраған ашық аспан астындағы ұрпақтың ғана емес, тәуелсіздікті
аңсаған, ел үшін басын жерге қойған ұрпақтың да санасын-
да орнын алып тұрақ алған құдірет. Менің де мақсатым олардың
мақсатымен ортақ. Мен ана тілімді қоғам арасында дәріптеп, бү-
кіл әлемге танытқым келеді. Демек, би-шешендердің асыл сөзінен табыл-
ған алтын мұра-ұлттық құндылық тек олардың ғана емес, жүре-
гі қазақ деп соғатын әр азаматтың бойынан табылады деген сө-

Өз пікірім - Майқы би де, Мөңке би де сөзбен жеткізуге мүм-
кін емес ақыл әрі парасат иегерлері болған. Мен олардың барлық дау-
ды ақылымен шеше білгендеріне таң қаламын. Бұндай даналықты,
шешендікті және жақсы қасиеттің бәрін бойыңа сіңіру үшін кім
болу керек деп те ойлайсың. Тіпті „Ақылдықпен ел биле, білімдікпен
елді аузыңа қарат" деп Абай ақынның өзі білімнің адам баласына ең
құнды дүние екендігін дәлелдеген. Шындығына келсек, Мөңке, Майқы би-
лер өмір сүрген заманның өзінде тіл мәселесі үлкен маңызға ие
болған. Алайда қазақтың арқа сүйер дана тұлғалары бұл мұра-
ның қадір-қасиетін тек философиялық тұрғыда емес, әдебиет жа-
лында да жеткізе білген тұлғалар. Қазіргі таңның өзінде мен
Мөңке бидің „Өнер алды қызыл тіл" нақылын күнделікті өмірде
қолданамын. Себебі осы нақыл ерекше мәнге, терең мағынаға ие.
Олай болса, мен, айтылған ақпараттың



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРН

бірін негіздеме отырып „Мөңке би, Майқы билердің қалдырған мұраларына аса қадірлі мән-мағына, әр заманда өзекті болатын ашық шындық тән" деп өз ойымды қорытындылағым келіп тұр. Даналық, шешендік, сапалық сияқты қасиеттердің барлығын бойына игере білген билердің нақыл сөздерінде әділдік пен қас қасиет-отансүйгіштік байқалады. Қазағымызда осыған байланысты „Сөз тапқанға қолқа жоқ" мақалы ешқашан жетім қалма. Олар тек әлеуметтік теңсіздікті және саяси мәселені шешіп қана қоймай, келер ұрпаққа нағыз рухани байлық болар мұраны қалдырды. Ал мен осындай мың жылда біртуар хас тұлғаның ұрпағы және ел болашағы ретінде олардың қалдырған мұрасын, Майқының өзі „Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді" дегендей, асыл сөзін жетім қылмай, керісше санама құямын. Мен осы дана би-шешендердің шындығы м мақсаты қазіргі таңда өз өзектілігін жоғалтпағанына және әлі де болашақта атадан балаға берілетін қымбат қасиет ретінде өз жалғасын табатынына сенімдімін. Бұл би, шешендердің ақылмандық толғауларының нағыз шыншылдыққа, даналыққа ие екенін айқын көрсетеді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пəндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТӘ-9-02
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): қазақ тілі мен әдебиеті.

Облыс/қала (область/город): Орал.

Аудан (район): ____

Тегі (Фамилия): Литқали

Аты (Имя): Ақбота

Мектеп (Школа): С.Сейфуллин ат. №11 ЖББОММ.

Сынып (Класс): 9

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ.

№3. Жүсіп Баласағұн – XI ғасырда өмір сүрген (есімі күллі Шығыс еліне мәшһүр болған) ойшыл-ақын, қоғам қайраткері. Ол „Құтты білік" дастанын Баласағұнда бастап, Қашқарда аяқтаған. Ислам дәуірі әдебиетінің ең көрнекті шығармасы „Құтты білік" дастаны. Ж. Баласағұн ~~462~~ хиджра есебі бойынша 462 жылы (1070 жылы) аяқтаған. Дастан хандардың ханы – Тағбаш Боғраханға тарту етеді. Бұған риза болған Боғрахан Жүсіпке „ұлы Хас Хажыб" деген дәреже береді. Бұл – ұлы уәзір, бас кеңесші дегенді білдіреді.

Ұлы Хас Хажыб – әмірші-патшаның көрер көзі, естір құлағы. Елдегі туындаған мәселелерді ұлы Хас Хажыб шешіп отырған екен. Жүсіп Баласағұн бұл дастанда елдегі ережелер мен заңдар, халықтың мінез-құлық, әдет-ғұрып нормасын сақтау тақырыбы көркем суреттейді. Ақын ел билеуші, әмірші-патшадан бастап аспазға дейінгі әлеуметтік топтардың мінез-құлық ~~, ж~~ нормалары, қадыр-қасиеттерін талдап, айқын жеткізеді. Ең алдымен, ел билеушінің қандай болуы керек екендігі айтылады. Жүсіптің қырағы көзі барлық халықтың мәселесін қамтып, баяндайды.

Дастанның сюжеті 4 принципке жазылып, негізделген. Біріншісі – қара қылды қақ жарған әділ билеуші. Оны Күнтуды патша арқылы суреттейді. Екінші – бақ-дәулет, елге құт-береке, бақ-дәулет қонсын деген мағынада. Айтолды патшаның бейнесін көрсетеді. Үшінші – ақыл-парасат. Одғұрмыш, яғни елдің көзін ашып, көкрегін ашады деген мағына. Төртінші – Өгдүлміш. Қанағат-ынсап ~~мінезін~~ қасиетті үндейді. Адам қолда бар нәрсенің қадірін білу керек деген ой анық байқалады.

~~Д~~ Дастан мазмұны, идеясы жағына „Күлтегін" жырына үндес. Нысанбаевтың тұжырымына сүйенсек „Құтты білік" дастанының 3 нұсқасы бар. 1-нұсқасы Веналық нұсқа (1439ж.) Қазіргі Венаның



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЬ

Қарадік кітапханасында сақтаулы. 2-нұсқа Каирлық нұсқа (18
3-нұсқа Наманган нұсқасы (1913 ж) Өзбекстанның Наманган шаһа
нан табылған. Қазір Өзбекстандағы кітапханада сақтаулы.

Дастанда тілдің пайдасы мен зияны туралы нақты сурет
теледі. „Ақыл білім — тілмашы - тіл, тіл көрік,
Жадыратар ерді шырын, тілді біл" - бұл үзіндіден
тілдің маңызын байқаймыз. Дұрыс сөйлей білмек - жадырап,
еңсеміз биіктейді. „Тіл бақытты етер, ерге бақ қонар,
Көп қылар тіл кететұғын бас болар" -
үзіндіден тілдің пайдасын да, зиянын да қатар қоп басып
айтқан. Егер, сөйлеген сөзіміз дұрыс болып, өсиет, нақыл сөз,
қанатты сөздерімізді айтсақ, бақытты болып, ел құрметіне
кенелеміз. Ал егер де, айтқанымыз өсек, өтірік, құр алаған бос сөз бол
әрине басымыздан кетеміз. Ойланып сөйлеу - ең маңызды әрекет
екенін ұғындырып тұрғандай. „Көп сөйлеме, аз айт бірер сөздің
түйінін". Бұл үзіндіден көп сөйлеу - жеңілтектің бейнесі екенін
айтып тұр. Көп тыңдап, аз айту - адамгершіліктің бейнесі.
Не айтсақ та, ойланып, сөзімізді түйіндеп, мағыналы сөздер айт
керек. „Бас кесілмес үшін тілді кесемін" деген үзіндіден бас
кесілмес үшін сөзді тыямын, артық сөйлемеймін деген ой. Бұрынғы
заманда өсек, өтірік сөздер үшін бас кесу жазасы қолданылған
бәрімізге мәлім.

Дастанда барлық Шығыс еліне мәшһүр болған Күнтуды пат
Айтолды патша ұзақ уақыт іздейді. Оны тауып сұрақ-жауап алы
қайтады. Кейін Күнтуды Айтолдыны өзінің уәзірі ретінде тағайында
Ол өз қызметін мінсіз орындап, күндердің күнінде жазылмас дертке
ұшырап, қайтыс болады. Оның баласы Өгдүлміш Күнтудының қо
мағында қалып, патшаның бас уәзірі атанады. Өгдүлміш өз жұмы



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТА
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОР

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
ҚТЭ-9-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

жесінен де мүлтіксіз орындайды. Ол елінің барлық жағдайын жасап, мемлекетті гүлстанға айналдырады. Күндер өтіп Күнтуды Өгдүлмішке көмекші керек екенін, және оның тұысы Одғұрмыш осы жұмысқа лайық екендігін айтады. Одғұрмышты іздеуге бұйрық береді. Сөйтіп, Өгдүлмiш оны іздейді. Ол дүниенің қоқысын безіп, дәруіш болып кеткен екен. Барлық құрметтен, дүниеден, лауазымнан бас тартады. Күнтуды 3 рет жұмсайды. Алайда, үшінші рет жұмсағанда жай ғана сауал қойып, өз өсиетін айтып деп шақырады. Сол кезде ғана Одғұрмыш келіседі. Олар сұрақ жауап алып, пікір алмасады. Одғұрмыш жазусыз дертке ұшырап, Өгдүлмішті шақыртады. Сонда Өгдүлмiш Одғұрмышқа сауал қояды: „Адам істеген ісін тастап, дәруіш болуы керек пе, жоқ бастаған ісін өлгенше істеу керек пе?" ~~дег~~ Сонда Одғұрмыш „ұнатқан ісін өлгенше істеу керек" депті. Әрине дастанның мазмұны бұл ойдада емес. Бұл жай ғана дастанның бөлігі десем де болад. Жүсіп Баласағұн бұл дастанда әрбір қасиетті алып сипатта „Билеуші қандай болуы керек?" деген сұраққа нақты әрі дәлелді жауап береді. Ол билеген тапша дана; ойшыл, білімі ұшан-теңіз, кедей халықты бай қылып, елді гүлстанға айналдыруы тиіс.

Данагөй Жүсіп Баласағұн „Құтты білік" дастанын араб яки парсы тілінде жазбайды. Араб-парсы - сол замандағы көп қолданылатыны әрі оқыған болсада, ~~парсы~~ өзінің ана тілі - түркі тілінде жазады. Бұл өзінің ана тіліне деген құрметтің, сыйластықтың белгісі. Дастанда әртүрлі мәселе қозғалады. Соның ішіндегі ең басты мәселе - тіл мәселесі. Оның пайдасы мен зиянын жас ұрпаққа үйретеді. Аз, әрі мағыналы сөйлеу арқылы беделіміз артады. Тоқтаған ауыз сөз сөйле Биікке көтерер де - тіл, қор қылар да - тіл.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРН

қысқа да нұсқа, әділ, жағымды сөйлейік. «Жүз білеңіз тоқсаны тілден» деген түйін осы тақырыптың қорытындысы деп ~~дер~~ түсіндім.

Қорытындылай келе, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны халық арасында көтерілген әрбір мәселені қамтитын көркем этикалық-дидактикалық сарында жазылған дастан. Мұнда ел билеуден бастап, түрлі төменгі әлеуметтік топтардың мінез-құлық, қасиеттерлерін айқын баяндаған. Тіл мәселесі, оның пайдасы мен зияны туралы нақты ақпараттар жазылған. Әдемі, мағыналы сөйлеп, келешек ұрпаққа өз өсиеттерімізді жеткізейік. (~~Б. Абылқасымовтың~~ айтуынша аузымыздан шыққан әрбір сөзді ойланып айтып, өтірік сөзден, көп сөзден аулақ жүруіміз керек. Тіл - біздің басты рухани құндылығымыз. Осы рухани құралды тек жақсы сөз айтқанда қолданайық. Тілімізді сақтап, құрметтеп, қор қылмай жүрейік. (~~сөзімізді~~ аз ~~сөзбен~~, түйіндеп) Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастаны елдің, халықтың әлеуметтік мәселелерін қамтыды. Әділ әрі адал билеуші, ақыл-парасат, қанағат-ынсап, бақ-дәулет тақырыбында, сонымен қатар, тілдің пайдасы мен зиянын ашып айтты. Ж. Баласағұнның осы дастаны жан-жақты ойды баяндады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТӘ- 9 -01
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақ тілі мен әдебиеті

Облыс/қала (область/город): БҚО, Орал қаласы

Аудан (район): (Орал қаласы)

Тегі (Фамилия): Мендыбай

Аты (Имя): Аяна

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ДБАОМЛМ

Сынып (Класс): 9-сынып

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

Ж.Баласағұнның тіл өнерінің пайда-зиянын туралы айтқанын тарқатыңыз

„Ей, түркілер „құтты", құдай бақ берді,
Шүкір етіп, атын атап, жатта енді,
Мен айтатын елдің қане мақалын

„Ұлға қалар „аты", орны атаның", -деп, XI ғасырдағы данышпан, ойшыл, Ұлы Хас Хажиб-Жүсіп Баласағұн атамыз, өзіміңде бір жарқын елдің жайқалған құсқасын „Құтты білікті" ұсынады (46) Хижра есебі бойынша 462 жылы аяқталған бұл туынды - хас шебердің қаламынан алынған сөз маржандарының ұйысқан нұсқасы болып, ислам әлеміндегі түркі биік, керемет шығармалардың бірі болды.

(Бағаханы) Есте жоқ ескі заманда, қара қылды қақ жарып, өткір сөзі, орақ аузы кесік тақырыптарды тілге тиек еткен, қаймана қазақтың, тұла түркі жұртының, шұрайлы шындап, жұтын жақтаған, ақтарылы, өресі биік, өрісі кең тұлға - Жүсіп Баласағұн бабам. Тағылымды тарих шеңберінде, талай тарландарды таңданысқа түсіріп, ой түзеуге, бас түзеуге, құлашты кең жайып, аузына кезге салуға дес бермеген тіл мәселесі болған-ды. Ұлттың жаны, ой-өзегі, бастау алатын қайнар бұлағы да осы - тіл. Тіліміз құрыса, ұлтымызда құлдырайды. Елдің тірегі де, жүрегі де - тіл. Әбділдә Тәжібаев атамыз:

„Өсе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін", -деп, тілге деген терең махаббатын, сырлы сөздерін, мойнына арқалаған ауыр жүгін жырлайды. Иә, тілдің тұнбадай тұнық тазалығын әспеттеп, бәріне биік қой білген. Ал Расул Ғамзатов:

„Егер тілім - ертең болса, құрымақ,
Мен дайынмын, өлуге де бүгін-ақ", -деп (91) ішкі сырын өлеңмен өрнектей бейнелегенде, тілдің адамзаттың әр баласына қандай алғаусыз мәселер ардақты екенін „Тайға таңба басқандай" анық бейнеде көре аламыз.

Осымен қоса, қай заманда болмасын, ғасырлар шебінде шиеленіске түскен шығармалар сөйлеңіз тіл екендігін „Құтты біліктен"



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
„ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРН

айтпаймыз. „Ақыл – білім тілмашы, тіл – діл кепілі,
Елді шырқап елжіретер тіл деп біл.
Тіл дегенің елге ерге бақ болар,
Бар болар тіл, кеткен ұшты бас болар", – депті. Яғни, тіл дегеніміз – тілдің түсер қылышы да, көңілдерді басатын бір ұшы ұшта. Тіл масқара да қылады, ұлы да қылады. „Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ" деп, алды-артымызды ойламай, ауызымызға келгенді орағыта берсек, сөздің иесі де сөзі де кетіп, өзіміз тұзаққа енеді. Бірақ, „тілге тиек жоқ" дегендей, айтар сөзді айтпай қалуға да болмайды. Ең бастысы – мәдениетті, әдепті болу керек, „жеті рет өлшеп, бір рет кес", ой сүзгісінен өткізіп қайтарған сөз маржандарын ғана жазуға рұқсат делінген. Ақылың мен біліміңнің деңгейін, көкірегіңнен, көңілден шыққан ойыңнан байқауға болады. Сол дұрыс басқарылмаса, „ой өзенің тозып тынады" дегендей сөз босқа сақина тілге алуға жарамас емес.
„Кітаптар көп, арабша да, тәжікше,
„Біздің тілде бұл жалғыз-ақ зірлиш", – деп, „Құтты білікті" дара туындысы болып, ерек ... шешкеніз, алдыңғы басқа да, пайдалы болғанын тілдің, пайдасы мен зиянын жазып кеткен де болар. ескертеді екен. Бұл – тек қана ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген, шын шешен, заманнан озық туған тұлғалардың қолынан келер іс болмақ. Хакім Абай атамыз отыз жетінші қарасөзінде: „Көңілдегі көрікті ой аузынан шыққанда өзі қашады", – депті. Яғни, қаншалықты жақсы болса да, ол ойды шебер жеткізу – өз мазмұнында. Осы тұста, „егер, (тілдің) бір нәрсенің аз пен қызығы болады" дегендей, тілдің пайдасы жайын ескеруіміз керек, ой ауызды шешен болу да жарап жатыр. Шешені судай төгілген халқымыз жай сөйлегенде сіңіріп, шымыр қана, тыңдаған құлақтың құрышын қандырып, ұйытып, сілтідей тындыратын қасиетіміз бар. Қазақы танымды, қабілетті неге пайдаланбасқа қолданбасқа? Білеріміз бұл туралы:
„Ойың ақ болсын, Ісің ақ болсын,
Сөзің ақ болсын, Отырғың ақ болмақ арының,


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Сөздің ақ болмағы – (жеңілдеген / ісіндеген),

Кісінің ақ болмағы – сөзіндеген",-дейді екен. Әр ойлаған ойымызды дәйім ақ болуы тиіс және аппақ таза, көкірек-көзің ашық, дұрыстығының көзі ақ болса, әр сөзің – асыл болмақ.

„Көп сөйлеме, аз айт, дірер түйірін,
Бір сөзбен шеш, түмен сөздің түйінін,
Көрген емен көбік сөзбен оңғанды,
Тобықтай түйі, тоқсан ауыз толғанды",-деп. „Құтты білікте".

тоғызы)ой ортада, терең толғанда берілгенді. Көп сөйлеген жанның қадірі түсе береді. Себебі, „көп сөз – көмір

аз сөз – алтын" емес пе? Бұл жерде ең керегі – аз сөзге көп мағына сыйғызу. Егер, қосылмын деп көбік сөзге кетсең, озбайтының анық. Ол кезде, сені тыңдар құлақ болмайды. „Сөз атасы – құлақ" деген. Сөзің тыңдалсын десең, ойың дәріптелсін десең, алдыңғы екі тармақты ұмытпай сөз айтқың келсе, көп сөзбен емес, мағыналы аз сөзбен ұта аласың. Ал) Елдің құрметіне бөленгің келсе, тілінді тыңдап үйрену қажет. Ал керісінше қайсы жасасаң, басың төмен салбырап қалуы мүмкін. Осы тұста да күшті құрал бола алатын шешендік. XI - XII ғасырлардан бастау алып, шешендіктің тербелін үзбей келе жатқан төбе билерді еске түсірсең, екі-ақ ауыз сөзімен, өткір тілді болып, алын да қорғанын, айтыса да да түскен, ел мәселелерін де шеше білген. Сол үшін де, Қазақтың әйгілі мақалдарын бойға қондырсақ, сөзден ұтылмасымыз анық, тілдік де есесін бере алмайтынымыз хақ. Не де болса, тілді дұрыс жаққа қолданып, шешендікке (шығармыз да сөзсіз) шыға аламыз. Бұл да бір, Абай атамыз қарасөзінде айтқан „Мал ақымақта, ақыл ақымақтардың көрінісі іспеттес. Горацийде: „Шешендік – сөздің көркі" демеп пе еді?

„Сөз кісіні ұшпаққа шығарар, бек қылар,
Көп сөз басты кір жерге, жел тығар
Көп сөйлесең езбесің деп, жек көрер,



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
ҚТӘ-9-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

"Сөйлемесең, мылқау екен деп сөгер", - деген де жолдар кездеседі, "Құтты Білікте". Яғни, мақалға ете алатын да, білікке көтеретін де тіл. Мұхтар Әуезов, шешен адамда қайтпайтын қанат бітер тәуі екенін, жай қанат емес, парлап ұшатын қанат керегін айтады. (Бірақ, нағыз шешен болмасаң) Бірақ, нағыз сөзге шебер жан болмасаң, парлап ұшқанда асқақтаған жоқ. Құдайдың сөзі арқылы, "Оның тістен шыққан сөз, оның рулы елге жетеді" деген. Жоғары білікке де жете аласың, ел басқаруға аласың. Тіл көп сөйлесең, елдің артын бағып жүруің де мүмкін. Жұрт көп сөйлесең, езбе деп, сөйлемесең, мылқау деді ме(?). Бірақ, ел сөзіне емес, өз ақылыңа жүгінуің қажет. Тіл ұшынан сөз шығар әр сөйі әдептеліп, әрлектеліп шығу тиіс....

"Мұндай сәтте шешендік тек керек,
Тілді шырақ болсаң, өнер бекітең,
Көп сөйлесең, басың алып болады
Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады.
Көп сөйлеме, сөзің де сол, өз басың
Сөзің түрсіз қорғаушы көз болып", - деді Баласағұн атамыз. "От шаласынан, сөз шаласы жаман" (деп) дегендей, түп тамырында, от ауызда, ұзақ тілді, шырақ сөзді, өткір өткен, жауыпты таба білетін шешендік қажет болады.

2(Тілдің па) Өткен мен бүгін(нің)гі жалғайтын қай көпір де осы-өнер. Қазіргі таңда, (Ақ асылды, ел адамдары ...) тіліне ие бола алмағандардың арпы-абақты. Кейде ... айтып, шырылдаған жандар да ескерілмейді, бұл құрсауға түсіп қалуы мүмкін. Сонда, дөрекі сөздерімен жан адамының шамына тиетін(жан) ісі-сұрауы қалмайды. Басың бөлеге қалады. Сондықтан, өз-өзіңді, тіліңді басқару — зор міндет. Дұрыс сөйлеу арқылы құқықбұзушылықтан да ада боласың, өмірің де ұзақ болады. Бұл туста, адам бойындағы адамгершілік қасиеттер де соған түседі. Абай айтқан "ерлікіз бен ерлік", "мақтаншақтық пен арсыздық" секілді ... талап ететін қасиеттер. Әр істің байыбына барып, сабыр-салмақпен қарай біле, айтар сөзің де, тіліңіз жағымды болады. Одан кейінгі, ақылың мен біліміңі; еркі кез еркі бол, көз ашып, ... жан болсаң, көп ізденсең, айтар ойың да дұрыс болады. Тілің де тек пайдасын береді. "Мен-болсаң, жарық күнде ... құры, сонар күнді бұрын, белгі бірге,

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болған сөз, толған айдай балқып тұрсаң" - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз айтқандай, тілге-жылына ұстамдылықтың қажет. Одан басқа „ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстағанның" өзінде де тілдің зияны мен пайдасын тең қолдануға болады.

(Л) Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні; тіл - адамдарға тиесілі мүше, оны басқару - адамның қолында. Пайдасы да, зияны да болмаған, таразыға салсаң қана, тездің пайда болады. Тілдің пайдасы зиянынан мол. „Өнер алды - қызыл тіл" деп қазақ бекер айтпаған. Не де болса, [illegible] ле шалдықпай, әдебиет пен тарихтан нәр алып, шешендікті бойға сіңірсең қазақ болады. Сол үшін де, тіл өнеріне жетік болыңыз (көзі ашық). Тіл - ердің тұғыры!

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТӘ-11-01
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): қазақ тілі мен әдебиеті

Облыс/қала (область/город): БҚО, Орал қ

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Мәлік

Аты (Имя): Эленора

Мектеп (Школа): С.Сейфуллин ат. №11 ДБНОМИЛГ

Сынып (Класс): 11

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

„Бесатар" повесіндегі заман бейнесі және қаламгерлік шешім

Қазақ халқы тәуелсіздік туғырын көкке көтермес бұрын ықылым замандардан бері басынан алапауыт алапаттар мен небір қан-кешті кезеңдерді өткерген болатын. Отаршылдық қамытын кигізіп, озбыр саясат жүргізген Ресей елінен келген қиямет қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – жазушыларды тарих жайында қалам тербеуге жүгіндірген. Соның ішінде шоқтығы биік тырнақалды шығарма - Асқар Сүлейменовтің „Бесатар" повесі.

Шығарманың кез-келген жанды таңқалдырар ерекшелігі - оқиғаның бір күн, бір түн ішінде орын алуы. Автор халық басына әңгір-таяқ ойнатқан орыс офицерлерінің ауыл тұрғындарын шен алу үшін қорлаған қиянкесті бишігін әшкере етеді. Повесте Крейгель өз сөзінде: „Дала үстінен оқ атылмаған елу жылдың ішінде жі-мік майлары бітеуленген болу керек.", - деуі арқылы ел басына сұр ала бұлт төндіріп, халыққа аяушылық танытудың орнына шекесіне бесатар кезенуді құп көруі айқындалады. Осындай орыс офицерлерінің кесірінен қаншама ер туғалы азаматтар ажал құшты. Бірақ адам тектен-текке мұндай залалға қол артпайды емес пе?" деген сұрақ көкейде пайда болуы мүмкін. Крейгелдің мұндай іске баруына себеп болған жайт – бастық атану еді. Ал „Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін" деген заманда байдың ұлы Иноземцев офицердің қазақтардың қолында тұтқын болуы Крейгелдің арқасынан ұшық қатып, биікте өрлеуіне кері әсерін тигізер еді. Ауыл ақсақалы Төрехан болса: „Бізге өшігіп атпайтын таң, біздің қанға малынып батпайтын күн бар ма", деп зар күрсінуі барша халықтың бұғауда буыққан шерлі үнін жеткізеді. Қазақтың ел бастар серкеге жарымауы „Ортақ өгізден, оңаша бұзау



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

артық" деп бір-бірінен бөлінген көр соқыр тұрмыстың қатесігі. Алайда ұлт пен ұлт бір-бірінен қастандық ойламайды, сол себептен біз бұл қасиетке ерік жасқан кінәлай алмаймыз. Адам іштей налыса, жан тақтамай өмір сүрсе, жағдайды титтей де болсын өзгертуге мүмкіндігі жеткілікті. Шығармада осы озбырлыққа қарсы күш жинаған ерлік пен өріктің бейнесі Мұқағали бейнесімен ашылады. Тұтқында сопайып отырған Иноземцев бар жаманы өзінен асырып, заман ағына артады. Алайда Мұқағали: „Аспан мен жер маған келіп бесатар кезенген жоқ. Заман – ол білек. Ал білек сенікі",- дейді. Бұл үзіндіден біз „Заманың сенің қуыңда,

Текеметтің түріндей" дегенді

заманды өзгертетін құбылыс адамның өзі екенін аңғарамыз. Адамзаттың істеген ісіне қарай заман ағымының гүлдену не болмаса құлдырау тағдыры шешіледі. Егер сен кертартпалыққа аяқ басып, алай-дүлей алмағайып кезеңге өзің қол созсаң оған заманды жаман атты қылудың қажеті болмақ емес. Дана халық қаза „Жер бермек жан бермекпен бірдей" деген. Шығарма соңында Кейгель Голощекиннің қолына бесатарды ұсынып, Сырғақты атуды бұйырады. Бірақ адамгершілігі мол Голощекин: „Я не могу Ваше Высокоблагородие. Я живу на их земле" деп бас тартады. Қазақтың жері ең алдымен Еділ үшін егескен, Жайық үшін жанталасқан, Қиғаш үшін қырылған, теңдікті, малды бермеген теңдіксіз малға көнбеген ата-бабамыздың жері. Сол жерде кіндік кескен қазақтың қанын шашуға ары бармаған Голощекиннің батылдығы мені тәнті етті. Қаламгер шешіміне тоқталар болсам, Немат Келімбетов: „Бірақ тіршіліктің бар құнын ажал алдында ғана сезіп, кеш ұғынудан үрейлі азап жоқ шығар" дегендей өз істеген әрекеттерінің бұрыс



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

екендігін кеш түсінген Гононжкин де, батыл азамат Сәгуар да ашық қуғынмен шығарма өз мәресіне жетеді. Асқар Сүлейменовтің повесті „Бесатар" атауының өзі оқырманды осы трагедияны шешімге дайындауы деп білемін.

Осы айтылған мағлұматтарды саралай келе, „Бесатар"- патшалық өктемдіктің, халық үнін тастай қып жапқан қанаушылық саясаттың символы. Сол үнді, сол мұңды таныту, қысылтаң шақты бейнелеу - автор шеберлігі. Азаттықтың аспанында көшіп жүрген құмарлығымыз оңай жолмен қолымызға түспеген, қанша жанның сел боп аққан қанымен жеткен баянды бақыт дүсеміз. Тәуелсіз елдің тәуелсіз жастары үшін тарих қойнауындағы халқымыз өткерген ауыр тағдыр тәжкегін тайға таңба басқандай жадымызда алтын әріптермен жазу бұлжымас міндет, өмірлік парыз.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ